

**СЫНЫПТАН ТЫС АШЫҚ  
САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ:  
«КІМ ЗЕРЕК?»»**

**Сыныбы: 3 “А”**

**Бастауыш сынып мұғалімі:  
Уразалиева Асия Серикбаевна**

- *Білімділік:*
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасын, зейінін арттыру, алған білімдерін тереңдету.
- *Дамытушылық:* Ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ұжымшылдық қабілетін дамыту.
- *Тәрбиелік:* Оқушыларды алғырлыққа, белсенділікке және жеке тұлға етіп қалыптастыру. Ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.
- Түрі: саяхат сабақ.
  
- Әдісі: өтілген материалды қайталау, сұрақ - жауап, деңгейлік тапсырма, ізденушілік.  
Көрнекілігі: жоспары, интерактивті тақта.

# EXPO 2017



# - ЕНДІ САЙЫСЫМЫЗДЫҢ ӨТІЛУ ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСЫҢДАР:

1. Таныстыру және топ басшысының тілектері.
2. «Жалғасын тап» ойыны.
3. Кім шапшаң?
4. Сен білесің бе? Сұрақ - жауап алысу
5. «Ұшқыр ой» Мәтіннің мазмұнына сәйкес мақал - мәтел жазу.
6. «Іздеген жетер мұратқа». Сиқырлы ұяшықтар.
7. «Ойлан тап» Жұмбақтар шешу.

# I- АЯЛДАМА ТАНЫСТЫРУУ



## II- АЯЛДАМА «ЖАЛҒАСЫН ТАП» ОЙЫНЫ.

- I - топ «Алғырлар»
  - а) Күш - білімде, білім - ..... (кітапта)
  - ә) Көп жасаған білмейді, -  
..... (Көпті көрген біледі)
- II - топ «Тапқырлар»
  - а) Білім қымбат, ..... (білу қиын)
  - ә) Ердің атын ..... (еңбек шығарады)
- III - топ «Білгірлер»
  - а) Ақыл - тозбайтын тон .....  
(Білім - таусылмайтын кен)
  - ә) Шебердің қолы ..... (көпке ортақ)

## III- АЯЛДАМА КІМ ШАПШАҢ?

○ I - топ «Алғырлар»  
Шалшық, балшық,  
Балшық, шалшық,  
Балшықтан ал шық.

II - топ «Тапқырлар»  
Жабайы маралдар бар,  
Араларында жаралы маралдар бар.

III - топ «Білгірлер»  
Қыс қатты - ақ  
Қыспаққа ап,  
Құс тоңып жүр  
Қыстап қап.

# IV-АЯЛДАМА

## СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

### ○ I - топ «Алғырлар»

1. ҚР - ы өз тәуелсіздігін қашан жариялады? (1991ж 16 желтоқсан)
2. Біз қай облыста тұрамыз? (Жамбыл)
3. Бес асыл, бес дұшпан туралы өлеңді кім жазған? (А. Құнанбаев)
4. Жеті күнді атаңдар. (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі)
5. Түйе малының сүтінен дайындалатын сусын қалай аталады? (шұбат)

### II - топ «Тапқырлар»

1. ҚР - ның Мемлекеттік Туының авторы кім? (Шәкен Ниязбеков)
2. Президент халыққа не жолдайды. (Жолдау)
3. Күйді орындайтын адамды кім деп атайды? (күйші)
4. Тұңғыш «Әліппе» оқулығын жазған кім? (А. Байтұрсынұлы)
5. Ыбырай Алтынсариннің өзің білетін өлеңдерін ата

### III - топ «Білгірлер»

1. Биыл ҚР - ның Тәуелсіздігіне неше жыл болды? (25)
2. Қазақ балаларына алғаш мектеп ашқан кім? (Ы. Алтынсарин)
3. Екі ақынның өлең жарысы қалай аталады? (Айтыс)
4. Жеті атанайт. (ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене)
5. Қазақ үйдің бөлшектерін ата: (шаңырақ, кереге, уық, сықырлауық)



# V-АЯЛДАМА

## «ҰШҚЫР ОЙ»

### ○ I - топ «Алғырлар»

#### Егін жинау

Жаздың ортасы. Биыл егін өте бітік шықты. Шаруашылық егін жинауға кірісті. Егіншілер астықтан мол өнім алды. Халықтың қуанышында шек жоқ. Астық көп еңбекпен өндіріледі. Еңбек ете білу – адамдағы ең үлкен қасиет.

### II - топ «Тапқырлар»

#### Талғаттың ерлігі

Талғаттың ұшағы әуеге тез көтерілді. Ұшқыштардың қимылын командир жерден бақылап тұр еді. Ол Талғаттың жауға жасаған шабуылына өте риза болды. Ұшқыштар жаудың бекінісін қиратты. Одан соң жердегі әскерлер шабуылғашықты. Жау бекінісін тастап қаша бастады. Талғат жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындады.

### III - топ «Білгірлер»

#### Ұқыпты бала

Қайсар жасынан тілалғыш болып өсіп келеді. Үлкеннің айтқанын бұлжытпай орындайды. Өзінің киімдерін бір жерге қойып дағдыланды. Ойыншықтарын да белгілі жерге жинайтын болды. Ойыншықтың сынғандарын жөндейді. Өз төсегіне жинауды үйренді. Төсектің үстіне киіммен отырмайды. Бөлмесін таза ұстайды.

# VI-АЯЛДАМА

## “ІЗДЕГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА”

«Дала жұлдызы» деп кімді айтамыз? (Ы. Алтынсарин)  
«Өке арманы» мәтінінің негізгі кейіпкерлері кімдер? (Абай мен Өбіш)  
Үш биді ата: (Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би)  
Ұзындық өлшем бірліктерін атаңдар: (мм, см, дм, м, км)  
Шаршының қабырғасының ұзындығы 4 см боса, периметрі нешеге тең? (16 см)  
9 бен 4 көбейтіндісінешегетең? (36)  
Екіәке, екі бала театрға билет алды. Театрға неше адам билет алды?  
Өздерің білетін геометриялық фигураларды атап беріңдер: (тік төртбұрыш, шаршы,.....)  
Санды нөлге көбейткенде мәні нешеге тең болады? (нөлге)  
Ең кіші төрт таңбалы сан. (1000)  
45 пен 9 бөліндісінешегетең? (5)  
Бөлу амалының компоненттерін ата: (бөлінгіш, бөлгіш, бөліндінің мәні)  
Мәтіннің бөлімдерін ата  
«Хат» сөйлеудің қай түріне жатады? (жазбаша)  
Негізгі сөйлем мүшесін ата. (бастауыш)  
«Көлшік» сөзінің түбірін тап (көл)  
Не істеді? Қайтты? Не қылды? Қай сөйлем мүшесінің сұрақтары? (баяндауыш)  
Айтылу мақсатына қарай сөйлем нешеге бөлінеді? (үшке: хабарлы, сұраулы, лепті)  
«Батыр» сөзіне мәндес сөздерді тап. (ер жүрек, батыл, қайсар...)  
«Отыз жеті» сөзі қай сөз табына жатады? (сан есім)  
Тірі табиғатқа нелер жатады? (адам, жануар, өсімдік)  
Өр адамның шағын отаны.  
Сезім мүшелеріне нелер жатады? (көз, мұрын, құлақ, тіл, тері)  
Жер бетінің қағазға кішірейтілген бейнесі не? карта  
Көкжиектің неше тұсы бар? 4 тұсы бар  
Қу жануар. (түлкі)  
Тәжірибе дегеніміз не? (шындыққа сынақ жүргізу арқылы көзжеткізу, танып білу)

# VII-АЯЛДАМА

## «ОЙЛАН ТАП»

- I - топ «Алғырлар»
  1. Өзі сондай ақ,  
Жесең тәтті - ақ. **Қант**
  2. Қыс бойына жатады,  
Тәтті ұйқыға батады. **Аю**
  3. Жазу жазып жалықпаған  
Жаза - жазаарықтаған. **Бор**
  
- II- топ «Тапқырлар»
  1. Мамықтай ұлпа, қанттайақ  
Қыста жер бетін басады,  
Жазда сайға қашады. **Қар**
  2. Ұшып, қонып тынбайды  
Жерге соқсаң сынбайды  
Суға салсаң батпайды  
Түскен жерге жатпайды. **Доп**
- 3. Бұдан кірқорқады  
Судан бұл қорқады. **Сабын**
  
- III - топ «Білгірлер»
  1. Өзі жуас, өзі момын,  
Бір шешпейді тонын. **Қой**
  2. Әрі қызыл, әрі тәтті,  
Татқан жанды таңырқатты. **Қарбыз**
  3. Оқушыға күнде еріп,  
Жүретін не? **Күнделік**





# САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

- Білім деген биік шың,
  - Бақытқа сені жеткізер.
  - Білім деген ақылшың,
  - Қиындықтан өткізер-  
деп сайыс сабағымызды аяқтаймыз.
- Әділқазылар алқасына сөз беру  
Жеңімпаз оқушыны анықтау, марапаттау.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!

